

Государственные нормативы в области архитектуры,
градоостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И
СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА
СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАР
1-ЖИНАҚ. ҒИМАРАТТАР. 1-ШЫҒАРЫЛЫМ. ТҰРҒЫН ҮЙ-
АЗАМАТТЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ҒИМАРАТТАР

2-БӨЛІМ

Өзгерістер мен толықтырулар. 1-шығарылым

ЕДИНИЧНЫЕ СМЕТНЫЕ ЦЕНЫ НА СТРОИТЕЛЬНО-
МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ
СБОРНИК 1. ЗДАНИЯ. ВЫПУСК 1. ЗДАНИЯ ЖИЛИЩНО-
ГРАЖДАНСКОГО НАЗНАЧЕНИЯ

ЧАСТЬ 2

Изменения и дополнения. Выпуск 1

ҚР ҚНБҚ 8.04-03-2024
НДЦС РК 8.04-03-2024

Ресми басылым

Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И
СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА
СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАР
1-ЖИНАҚ. ҒИМАРАТТАР. 1-ШЫҒАРЫЛЫМ. ТҰРҒЫН ҮЙ-
АЗАМАТТЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ҒИМАРАТТАР

2-БӨЛІМ

Өзгерістер мен толықтырулар. 1-шығарылым

ЕДИНИЧНЫЕ СМЕТНЫЕ ЦЕНЫ НА СТРОИТЕЛЬНО-
МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ
СБОРНИК 1. ЗДАНИЯ. ВЫПУСК 1. ЗДАНИЯ ЖИЛИЩНО-
ГРАЖДАНСКОГО НАЗНАЧЕНИЯ

ЧАСТЬ 2

Изменения и дополнения. Выпуск 1

ҚР ҚНБҚ 8.04-03-2024
НДЦС РК 8.04-03-2024

Ресми басылым

Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 16.09.2024 ж. № 116-НҚ бұйрығымен
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	01.10.2024 жылдан бастап
4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 12.06.2024 ж. № 94-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР ҚНБҚ 8.04-03-2024 «Құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар. 1-жинақ. Ғимараттар. 1-шығарылым. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар»

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (КДС ЖКХ МПС РК)
3 УТВЕРЖДЕН	Приказом КДС ЖКХ МПС РК от 16.09.2024 года № 116-НҚ
И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	с 01.10.2024 года
4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН	НДЦС РК 8.04-03-2024 «Единые сметные цены на строительно-монтажные работы. Сборник 1. Здания. Выпуск 1. Здания жилищно-гражданского назначения», утвержденный приказом КДС ЖКХ МПС РК от 12.06.2024 года № 94-НҚ

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства

Мазмұны

1-бөлім Жер жұмыстары.....	1
2-бөлім Қада қағу жұмыстары	32
3-бөлім Монолитті бетон және темірбетон конструкциялар	47
4-бөлім Құрама бетон және темірбетон конструкциялар.....	54
5-бөлім Тас конструкциялар	58
6-бөлім Металл конструкциялар.....	63
7-бөлім Ағаш, гипсокартон, поливинилхлорид және алюминий конструкциялар.....	67
8-бөлім Ойықтар.....	69
9-бөлім Едендер.....	71
10-бөлім Жабындылар	73
11-бөлім Оқшаулау жұмыстары	75
12-бөлім Өрлеу жұмыстары	86
13-бөлім Көгалдандыру	101
14-бөлім Ішкі құбыр жүйелері	111
15-бөлім Су құбыры мен кәріздің ішкі жүйелері	114
16-бөлім Ішкі жылытудың жүйелері	118
17-бөлім Газбен жабдықтаудың ішкі жүйелері.....	121
18-бөлім Вентиляциялаудың және кондиционерлеудің ішкі жүйелері	123
19-бөлім Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйелері	126
20-бөлім Көтеру-көлік жабдығы.....	128
25- бөлім Өлсіз ток желілері	130
А-қосымшасы	166

БЕЛГІ ҮШІН

1-бөлім Жер жұмыстары

Техникалық бөлік

Жалпы нұсқаулар

1 Осы Бөлімде топырақты әзірлеуге және өткізуге және тұрғын үй-азаматтық құрылыстағы ілеспе жұмыстарға арналған дара сметалық бағалар қамтылған.

6101-0107-0601-дара сметалық бағаларда 5 км дейінгі орташа қашықтыққа суды жеткізу ескерілген. Арақашықтық 5 км астам болғанда 100 м^3 суды жеткізудің әрбір километріне саны 0,9 маш.-сағ. суару-жуу машиналарының құнын қосу қажет.

2 Бөлімді пайдалану кезінде:

жұмыс жүргізу тәсілдерін, топырақты жылжыту қашықтығын, жер қазатын машиналар мен көлік құралдарының сипаттамаларын төменде осы Техникалық бөлікте келтірілген нұсқаулар мен ұсынымдарды ескере отырып, жобалық деректер бойынша қабылдау керек;

1.1 және 1.4-кестелерде келтірілген олардың қысқаша сипаттамасы бойынша топырақты әзірлеу қиындығы бойынша жіктеуді жүргізу, бұл ретте 1.1-кестеде көрсетілген табиғи жатыстағы топырақтың орташа тығыздығы (3-б.) жіктеуіштің айқындаушы көрсеткіші ретінде қабылдауға болмайды.

3 Дара сметалық бағаларда жер асты суларының тікелей әсерімен әзірлеу кезінде болмайтын табиғи ылғалдылық пен тығыздықтағы топырақты әзірлеу көзделген.

Ылғал топырақты әзірлеуді Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттерді құнға қолдану арқылы анықтау қажет.

Топырақты әзірлеу кезінде су ағызу жұмыстарын жүргізуге арналған дара сметалық бағаларды жер асты суларының жобалық деңгейінен төмен жатқан топырақ көлеміне ғана есептеу керек.

Көше және алаңнан тыс коммуникациялардың орларын қоспағанда, түбі бойынша ауданы 30 м^2 дейінгі қазаншұңқырлардан және түбі бойынша ені 2 м-ге дейінгі орлардан су ағызу кезінде 6101-0210-(0101÷0102) дара сметалық бағаларды қолдану қажет, түбі бойынша ауданы 30 м^2 -ден астам және түбі бойынша ені 2 м-ден астам қазаншұңқырлардан, сондай-ақ алаңнан тыс және көше коммуникацияларына арналған орлардан су ағызу кезінде су ағынының күші, су ағызу жұмыстары мен қолданылатын су ағызу құралдары өндірісінің ұзақтығы туралы жобалық деректер негізінде жергілікті ресурстық калькуляциядар жасалуға тиіс.

4 Әр түрлі топтардың қабаттасып жатқан топырағындағы шұңқырларды, арналарды, қазаншұңқырлар мен орларды әзірлеудің қиындығы бойынша әзірлеудің құнын анықтауды жекелеген топтарға арналған тиісті дара сметалық бағалар бойынша жүргізген жөн (1.1-кесте).

5 Уақытша және/немесе бар үйінділерден, үймелерден экскаваторлармен топырақты әзірлеуді 6101-0103-(0101÷0144), 6101-0103-(0201÷0244) дара сметалық бағалар бойынша қабылдау керек

1.1-кесте-Топырақты әзірлеу қиындығына байланысты топтарға бөлу

Топырақтың атауы және қысқаша сипаттамасы	Орташа тығытығы, табиғи жатыс кг / м³	Топырақты механикаландырылған әзірлеу								Топырақты қолмен әзірлеу	Тоң топырақты сынабағмен қопсыту	Тоң топырақта кесіктерді бар машиналарымен
		экскаваторлармен			скреперлермен	бульдозерлермен	грейдерлермен	грейдер-элеваторлармен	бұрғылау кран машиналарымен			
		бір шөмішті	Орлық шынжырлы	Орлық роторлық								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1. Алевролиттер:												
а) әлсіз, беріктігі төмен	1500	4	–	–	–	–	–	–	–	4p	–	–
б) берік, беріктігі төмен	2200	5	–	–	–	–	–	–	–	5p	–	–
2 Ангидриттер	2900	–	–	–	–	–	–	–	–	6	–	–
3 Аргиллиттер:												
а) берік тақташалы, беріктігі төмен	2000	5	–	–	–	–	–	–	–	5p	–	–
б) орташа беріктіктегі массивтік	2200	–	–	–	–	–	–	–	–	6	–	–
4 Тығыз, беріктігі орташа бокситтер	2600	–	–	–	–	–	–	–	–	6	–	–
5 Мәңгі тоңды және тоңды маусымдық жібитін топырақ												
а) өсімдік қабаты: шымтезек, шымтезектелген топырақ	1150	1	–	–	–	–	–	–	–	1м	1м	1м
б) құмдар, құмдақтар, саздақтар және қоспасыз саздар	1750	2	–	–	–	–	–	–	–	1м	1м	1м
в) көлемі 20%-ға дейінгі құмдар, құмдақтар, саздақтар және қиыршықтас, малтатас, ұсақ тас, шағылтас қоспасы бар саздақтар және 10%-ға дейінгі қойтастар	1950	3	–	–	–	–	–	–	–	2м	2м	2м

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
г) көлемі 20%-дан астам құмдар, құмдақтар, саздақтар және қиыршық тас, малтатас, үгінді тас, шағылтас және 10%-дан астам қойтастар қоспасы бар саздар, сондай-ақ қиыршық тасты-ұсақ тасты және қиыршық тасты-үгінді тасты топырақ	2100	3	—	—	—	—	—	—	—	3м	3м	3м
6. Қиыршық тасты-жұмыртасты топырақ (мореналықтан басқа), бөлшектерінің өлшемдері, мм:												
а) 80-ге дейін	1750	1	—	2	2	2	3	—	—	2	—	—
б) 80-нен жоғары	1950	2	—	3	—	3	—	—	—	3	—	—
в) 80-нен жоғары, құрамында 10%-ға дейін қойтастар бар	1950	3	—	4	—	3	—	—	—	3	—	—
г) 80-нен жоғары, құрамында 30%-ға дейін қойтастар бар	2000	4	—	—	—	4	—	—	—	4	—	—
д) 80-нен жоғары, құрамында 70%-ға дейін қойтастар бар	2300	5	—	—	—	4	—	—	—	5	—	—
е) 80-нен астам, құрамында 70%-дан астам қойтастар бар	2600	6	—	—	—	4	—	—	—	7	—	—
ж) малтатас, қиыршықтас, ұсақ түйірлі құм және сары топырақ тәрізді құмтастың цементтелген қоспасы	1900–2200	4	—	—	—	—	—	—	—	4	—	—
7 Гипс	2200	5	—	3	—	—	—	—	—	5р	—	—
8 Саз балшық:												

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
а) қоспасыз жұмсақ және қатты илемді	1800	2	2	2	2	2	2	2	1	2	3м	2м
б) 10%-ға дейін шағылтас, малтатас, қиыршық тас немесе құрылыс қоқысымен жұмсақ және қатты иілімді	1750	2	2	2	2	2	3	—	1	2	3м	2м
в) 10%-дан астам қоспасы бар жұмсақ және қатты иілімді	1900	3	—	3	2	2	—	—	—	3	4м	4м
г) жұмсақ карбон	1950	3	—	3	2	3	3	3	2	3	4м	3м
д) қатты карбонды, ауыр сынықты тақтатас	1950÷ 2150	4	—	4	—	3	—	—	2	4	4м	3м
9 Өсімдік қабатының топырағы:												
а) бұталар мен ағаштардың тамырынсыз	1200	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1м	1м
б) бұталар мен ағаштардың тамырымен	1200	1	2	2	1	2	—	—	1	2	1м	1м
в) шағылтас, қиыршық тас немесе құрылыс қоқысы қоспасымен	1400	1	2	2	1	2	—	—	—	2	2м	3м
10 Мұздық топырақ (мореналық):												
а) кеуектілік коэффициенті немесе консистенция көрсеткіші 0,5-тен асатын және бөлшектердің өлшемі 2 мм-ден ірірек 10%-ға дейінгі құмдар, құмдақтар және саздақтар	1600	1	—	—	—	1	—	—	—	1	—	—

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
б) кеуектілік коэффициенті немесе консистенция көрсеткіші 0,5-ке дейінгі құмдар, құмдақтар мен саздақтар; саздар, консистенция көрсеткіші	1800	2	—	—	—	2	—	—	—	2	—	—
0,5-тен жоғары және құрамында 2 мм-ден ірі бөлшектердің болуы 10%-ға дейін												
в) консистенция көрсеткіші 0,5-ке дейін және бөлшектердің өлшемі 2 мм-ден ірірек 10%-ға дейін саздар	1850	3	—	—	—	3	—	—	—	3	—	—
Кеуектілік коэффициенті немесе консистенция көрсеткіші 0,5-тен асатын және бөлшектердің өлшемі 2 мм-ден ірірек құмдар, құмдақтар және саздақтар												
г) 35%-ға дейін	1800	2	—	—	—	2	—	—	—	2	—	—
д) 65%-ға дейін	1900	3	—	—	—	3	—	—	—	3	—	—
е) 65%-дан астам	1950	4	—	—	—	3	—	—	—	4	—	—
Кеуектілік коэффициенті немесе консистенция көрсеткіші 0,5-ке дейін және бөлшектердің өлшемі 2 мм-ден ірірек құмдар, құмдақтар және саздақтар												
ж) 35%-ға дейін	2000	4	—	—	—	3	—	—	—	4	—	—
з) 65%-ға дейін	2100	5	—	—	—	4	—	—	—	5	—	—
и) 65%-дан астам	2300	—	—	—	—	4	—	—	—	—	6	—

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
к) кеуектілік пен консистенцияның кез келген көрсеткіштері кезінде қойтасты топырақ (бөлшектердің өлшемі 200 мм-ден ірірек 50%-дан астам)	2500	—	—	—	—	4	—	—	—	7	—	—
11 Диабаздар:												
а) қатты желге қақталған, беріктігі төмен	2600	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
б) әлсіз желге қақталған, берік	2700	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
в) желге қақталмаған, күшті, өте берік	2800	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
г) желге қақталмаған, аса күшті, өте берік	2900	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
12 Доломиттер:												
а) жұмсақ, желге қақталған кеуекті, беріктігі орташа	2700	—	—	—	—	—	—	—	—	6	—	—
б) тығыз, берік	2800	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
в) күшті, өте берік	2900	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
13. Тамырлық жатыстағы ұсақ тас (элювий)	2000	5	—	—	—	—	—	—	—	5p	—	—
14 Үгінді тасты топырақ	1800	4	—	—	—	—	—	—	—	4p	—	—
15 Иіртүтік (серпентин):												
а) желге қақталған, беріктігі төмен	2400	—	—	—	—	—	—	—	—	5	—	—
б) күштілігі мен беріктігі орташа	2500	—	—	—	—	—	—	—	—	6	—	—
в) күшті, берік	2600	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
16 Өктастар:												
а) жұмсақ, кеуекті, желге қақталған беріктігі төмен	1200	5	—	—	—	—	—	—	—	5p	—	—
б) әлсіз әкті, беріктігі орташа	2300	—	—	—	—	—	—	—	—	6	—	—
в) тығыз әкті, берік	2700	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
г) күшті доломиттелген, берік	2900	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
д) кварцталған тығыз, өте берік	3100	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
17 Кварциттер:												
а) тақтатасты, қатты желге қақталған, беріктігі орташа	2500	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
б) тақтатасты, орташа желге қақталған берік	2600	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
в) әлсіз желге қақталған, өте берік	2700	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
г) желге қақталмаған, өте берік	2800	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
д) желге қақталмаған, ұсақ түйірлі, өте берік	3000	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
18 Конгломераттар мен брекчиялар:												
а) әлсіз цементтелген, сондай-ақ сазды цементтегі шөгінді жыныстардан, беріктігі төмен	1900÷ 2100	5	—	—	—	—	—	—	—	5	—	—
б) әкті цементтегі шөгінді жыныстардан, беріктігі орташа	2300	—	—	—	—	—	—	—	—	6	—	—
в) кремнийлі цементтегі шөгінді жыныстардан, берік	2600	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
г) кальцийлі және кремнийлі цементтегі атқylanған жыныстардан малтатасты, өте берік	2900	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
19 Байырғы тереңдіктегі жыныстар (граниттер, гнейстер, диориттер, сиениттер, габбро және т. б.):												

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
а) ірі түйірлі, желге қақталған және үгінді тасты, беріктігі төмен	2500	–	–	–	–	–	–	–	–	5	–	–
б) орташа түйірлі, желге қақталған, беріктігі орташа	2600	–	–	–	–	–	–	–	–	6	–	–
в) ұсақ түйіршікті, желге қақталған, берік	2700	–	–	–	–	–	–	–	–	7	–	–
г) ірі түйірлі, желге қақталмаған, берік	2800	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
д) орташа түйірлі, желге қақталмаған, өте берік	2900	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
е) ұсақ түйірлі, желге қақталмаған, өте берік	3100	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
ж) ұсақ түйірлі, порфирлі, желге қақталмаған, өте берік	3300	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
20 Байырғы төгілме тау жыныстары (андезиттер, базальттар, порфириттер, трахиттер және т. б.):												
а) қатты желмен қақталған беріктігі орташа	2600	–	–	–	–	–	–	–	–	7	–	–
б) әлсіз желге қақталған, берік	2700	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
в) желге қақталу белгілері бар өте берік	2800	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
г) желге қақталу белгілері жоқ өте берік	3100	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
д) желге қақталмағанды, ұсақ құрылымды, өте берік	3300	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
21 Өте берік шаппақтас	3300	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–	–
22 Сары топырақ:												
а) жұмсақ иілімді	1600	1	2	2	1	1	1	1	1	1	2м	1м

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
б) қиыршық тас немесе малтатас қоспасы бар қатты иілімді	1800	1	2	2	2	1	2	—	—	2	2м	1м
в) қатты	1800	4	—	—	2	3	—	—	—	3	3м	2м
23 Бор:												
а) жұмсақ, беріктігі төмен	1550	4	—	—	—	—	—	—	—	4р	—	—
б) тығыз, беріктігі төмен	1800	5	—	—	—	—	—	—	—	5р		
24 Мергель:												
а) жұмсақ, борпылдақ, беріктігі төмен	1900	4	—	—	—	—	—	—	—	4р	—	—
б) беріктігі орташа, төмен	2300	5	—	—	—	—	—	—	—	5р	—	—
в) тығыз, беріктігі орташа	2500	—	—	—	—	—	—	—	—	6	—	—
25 Берік мәрмәр	2700	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
26 Құрылыс қоқысы:												
а) борпылдақ және жатып қалған	1800	2	—	—	—	2	—	—	—	2	2м	—
б) цементтелген	1900	3	—	—	—	3	—	—	—	3	2м	—
27 Қорамжәшік	1900	5	—	—	—	—	—	—	—	5р	—	—
28 Көбіктас	1100	—	—	—	—	—	—	—	—	5	—	—
29 Құм:												
а) қоспасыз	1600	1	2	2	2	2	2	3	1	1	1м	1м
б) 10%-ға дейін шағылтас, малтатас, қиыршық тас немесе құрылыс қоқысы қоспасымен	1600	1	2	2	2	2	2	3	1	1	2м	3м
в) бұл да сондай, 10%-дан астам қоспамен	1700	1	—	2	2	2	—	—	—	2	2м	3м
г) шағыл және жалқұм	1600	2	—	—	—	3	3	—	—	2	—	—
30 Құмтас:												
а) желге қақталған, беріктігі төмен	2200	—	—	—	—	—	—	—	—	5	—	—
б) беріктігі орташа сазды цементте	2300	—	—	—	—	—	—	—	—	6	—	—
в) әкті цементте, берік	2500	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
г) тығыз, әкті немесе темірлі цементте, берік	2600	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
д) кварц цементінде, өте берік	2700	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
е) кремнийлі өте берік	2700	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
31 Ұлутастар:												
а) әлсіз цементтелген беріктігі төмен	1200	3	—	—	—	—	—	—	—	4p	—	—
б) әлсіз цементтелген беріктігі төмен	1800	5	—	—	—	—	—	—	—	5p	—	—
32 Алдын-ала қосытылған жартасты топырақ (4 және 5 топтарға жатқызылғандардан басқа)	—	6	—	—	—	4	—	—	—	—	—	—
33 Тактатастар:												
а) желге қақталған, беріктігі төмен	2000	5	—	—	—	—	—	—	—	4p	—	—
б) әлсіз желге қақталған және сазды	2600	5	—	—	—	—	—	—	—	5p	—	—
в) беріктігі орташа	2800	—	—	—	—	—	—	—	—	6	—	—
г) кварцталған, берік	2300	—	—	—	—	—	—	—	—	7	—	—
д) құмды, берік	2500	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
е) кремнийленген, өте берік	2600	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
ж) кремнийлі, өте берік	2600	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
34 Сортандар және кебірлер:												
а) жұмсақ, иілімді	1600	1	2	2	1	1	1	1	1	2	2м	1м
б) қатты	1800	3	—	3	—	3	3	—	2	4	3м	2м
35 Саздақтар:												
а) қоспасыз жеңіл және сары топырақ тәрізді, жұмсақ иілімді	1700	1	1	1	1	1	1	1	1	1	2м	2м
б) бұл да сондай, 10%-ға дейін малтатас, шағылтас, қиыршық тас немесе құрылыс қоқысы қоспасымен және қоспасыз қатты иілімді	1700	1	2	2	1	1	1	—	1	1	3м	4м

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
в) 10%-дан астам малтатас, шағылтас, қиыршықтас немесе құрылыс қоқысы қоспасымен жеңіл және сары топырақ тәрізді жұмсақ иілімді, 10%-ға дейінгі қоспасы бар қатты иілімді, сондай-ақ қоспасыз және қатты ауыр, жартылай қатты және 10%-ға дейінгі қоспасы бар	1750	2	—	2	2	2	—	—	—	2	3м	4м
г) қатты 10%-дан астам шағылтас, малтатас, қиыршық тас немесе құрылыс қоқысы қоспасы бар ауыр, жартылай қатты және қатты	1950	3	—	4	—	2	—	—	—	3	3м	4м
36 Құмдақтар:												
а) қоспасыз жеңіл, иілімді	1650	1	2	2	2	2	2	2	2	1	1м	1м
б) қоспасыз қатты, сондай-ақ 10%-ға дейін шағылтас, малтатас, қиыршық тас немесе құрылыс қоқысы қоспасы бар иілімді және қатты	1650	1	2	2	2	2	2	2	2	1	2м	3м
в) бұл да сондай, 30%-ға дейін қоспамен	1800	1	—	2	2	2	—	—	—	2	2м	3м
г) бұл да сондай, 30%-дан астам қоспамен	1850	1	—	2	2	2	—	—	—	3	2м	3м
37 Шымтезек:												
а) сүрек тамыры жоқ	800÷1000	1	1	1	1	1	1	1	1	1	2м	1м
б) қалыңдығы 30 мм-ге дейінгі сүрек тамырлары бар	850÷1050	1	1	1	—	—	—	—	1	2	2м	2м

1.1- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
в) бұл да сондай, 30 мм-ден астам	900÷1200	2	—	—	—	2	—	—	—	2	2м	2м
38 Трепел:												
а) әлсіз, беріктігі төмен	1500	4	—	—	—	—	—	—	—	4р	—	—
б) тығыз, беріктігі төмен	1770	5	—	—	—	—	—	—	—	5р	—	—
39 Туф	1100	5	—	—	—	—	—	—	—	5	—	—
40 Қара топырақ және күрең топырақтар:												
а) жұмсақ, иілімді	1300	1	1	1	1	1	1	2	1	1	2м	2м
б) бұл да сондай, бұталар мен ағаштардың тамырымен	1300	1	1	1	1	1	1	2	1	2	2м	2м
в) қатты	1200	2	2	2	2	2	3	3	2	3	2м	2м
41 Шағылтас:												
а) бөлшектердің өлшемі 40 мм-ге дейін	1750	2	—	—	—	3	—	—	—	2	—	—
б) бөлшектердің өлшемі 150 мм-ге дейін	1950	2	—	—	—	3	—	—	—	3	—	—
42 Қождар:												
а) борпылдақ қазандық	700	1	1	1	—	1	—	—	—	1	—	—
б) жатып қалған қазандық	700	1	1	1	—	1	—	—	—	2	—	—
в) металлургиялық желге қақталған	—	2	2	2	—	1	—	—	—	3	—	—
г) металлургиялық желге қақталмаған	1500	3	—	—	—	3	—	—	—	4	—	—
<p>Ескертпелер</p> <p>1 Топырақтың беріктігі MEMCT 25100-2011-ге сәйкес көрсетілген.</p> <p>2 4р, 5р топтарының топырағы – жиналмалы-жартасты, 1м÷4м – мәңгі тоңды және маусымдық-тоңды. Бір шөмішті экскаваторлар үшін әзірлеу қиындығы бойынша 6-топтың жартасты, алдын ала қопсытылған топырағына бұрғылануы бойынша 6÷11-топтардың барлық жартасты жыныстары жатқызылған; 5-топ бойынша бір шөмішті экскаваторлар үшін қопсытқаннан кейін бұрғылау бойынша 5-топтың жартасты топырағы бағаланады. Бульдозерлер үшін барлық алдын-ала қопсытылған жартасты жыныстар 4 топқа жатқызылы.</p> <p>3 Тау жынысы бойынша толтырғышпен бірге қабылданатын кеуектілік коэффициенті құмды және құмдақ толтырғышы бар топырақ үшін анықталады; толтырғыш бойынша қабылданатын консистенция көрсеткіші сазды және саздақ толтырғышы бар топырақ үшін анықталады.</p> <p>4 10 ж, з тармақтарында көрсетілген топырақ, кеуектілік коэффициенті 0,5-ке дейін немесе консистенция көрсеткіші 0-ге тең немесе одан кем болған кезде алдын-ала қопсытуға жатады. Алдын-ала қопсытқаннан кейін бұл топырақ 10 з тармағында көрсетілген топырақтан басқа бір топқа жіктеледі. 10 и, 10 к тармақтарында көрсетілген топырақ алдын-ала қопсытуды талап ететін жартасты топырақ сияқты 1.1-кестенің 32-тармағына сәйкес бағаланады.</p>												

1 Топырақты механикаландырылған әзірлеу

(экскаваторлармен, бульдозерлермен және т.б.)

1.1 Осы Бөлімнің дара сметалық бағалары құрылыстың кез келген түрі кезінде (тау-кен-аршу жұмыстарынан басқа) экскаваторлармен топырақты әзірлеу жағдайынан әзірленген.

1.2 Бөлімнің дара сметалық бағаларында көрсетілген «дейін» өлшемі осы өлшемді қамтиды.

1.3 Топырақты экскаваторлармен әзірлеуге арналған 6101-0101-(0101÷0115), 6101-0102-(0101÷0124), 6101-0103-(0101÷0144), 6101-0101-(0201÷0221), 6101-0102-(0201÷0224), 6101-0103-(0201÷0244), дара сметалық бағаларда жұмыстардың құрамында аталған операциялардан басқа, машиналардың кенжардан кенжарға ауысуы, жарылыс жұмыстарына байланысты мәжбүрлі бос тұру (шурфтарды, теспелер мен ұңғымаларды зарядтау және жару кезінде машиналарды бұру), сондай-ақ оларды қопсытқаннан кейін кейіннен әзірлеумен габаритті емес үйінділер мен қойтастарға қарай жылжыту ескерілген.

1.4 Машиналарды пайдалану құны 6101-0103-(0101÷0144), 6101-0103-(0201÷0244), 6101-0101-(0301÷0304), 6101-0104-(0101÷0116, 0201÷0216, 0301÷0312), 6101-0106-(0101÷0112, 0201÷0212, 0301÷0312) дара сметалық бағаларда «құрылыстың басқа түрлеріндегі» экскаваторлар мен бульдозерлердің жұмыс жағдайларына сүйене отырып, есептелген.

1.5 6101-кіші бөлімнің 6101-0107 тобының және 6102-кіші бөлімнің 6101-0201÷0208, 0210-топтарының дара сметалық бағаларында машиналарды пайдалану құны «құрылыстың басқа түрлеріндегі» құрылыс машиналарының жұмыс жағдайларын негізге ала отырып есептелген және құрылыстың кез келген түрлерінде қандай да бір түзетусіз қолдануға арналған.

1.6 6101-0103-(0101÷0144), 6101-0101-(0201÷0221), 6101-0103-(0201÷0244) дара сметалық бағаларда ауыстырылатын жабдықтың әралуан түрлерімен (грейферден басқа) бір шөмішті экскаваторлармен топырақты әзірлеу ескерілген.

1.7 Топырақты автомобильмен тасымалдау Құрылыс үшін жүктерді тасымалдаудың ағымдағы деңгейіндегі сметалық бағалар жинағы бойынша анықталуы керек, онда тасымалдау ескерілген. Тасымалданатын топырақтың салмағын 1.1-кесте бойынша, ал топырақтың орташа тығыздығының көрсеткіштері 1.1-кестеде келтірілгеннен 5%-дан артық ауытқыған кезде - инженерлік-геологиялық іздестірулердің деректері бойынша қабылдаған жөн.

1.8 6101-0101-(0401÷0406) дара сметалық бағаларда топырақты тасымалдауға арналған топырақ жолдарды жөндеу және күтіп ұстау көзделген, топырақты тасымалдау жалпы мақсаттағы автомобиль жолдарымен жүргізілетін жағдайларда, көрсетілген дара сметалық бағалар қолданылмауға тиіс.

1.9 6101-0104-(0101÷0116, 0201÷0216, 0301÷0316), дара сметалық бағаларда тығыз топырақты: бульдозерлер үшін - 3-топ (құмдардан басқа), скреперлер үшін 2-топ (барлық түрдегі құмнан, жұмсақ және қатты иілімді саздан басқа) алдын ала қопсытуға баяланысты жұмыстар көзделмеген және қажет болған жағдайда осы Бөлімнің 6101-0104-(0401÷0409) дара сметалық бағалары бойынша қосымша ескерілуі тиіс.

1.10 Нивелирлеу белгілері бойынша бульдозермен беткі қабатты түпкілікті жоспарлауды Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.16÷3.18-тармақтарында келтірілген коэффициенттерді қолдана отырып, 6101-0109 - (0101÷0104) дара сметалық бағалар бойынша айқындау керек.

1.11 Карьерлерден (резервтерден) немесе топырақ төсемін салу үшін шұңқырлардан 2 км-ге дейінгі қашықтыққа көлікпен топырақты тасымалдауға арналған құнды айқындау кезінде өтпелердегі қолданыстағы темір жолдарды топырақты тасымалдауға арналған құнға 1.2-кестеде келтірілген коэффициенттер қолданылады (1-б.). Топырақты 2 км-ден

артық қашықтыққа тасымалдау кезінде көрсетілген коэффициенттерді қолдануға болмайды.

Топырақ өздігінен әрекет ететін бірнеше өтпелерден (тораптар мен станцияларға кіреберістерде, зауытішілік жолдар мен т. б. арқылы өту кезінде) өтіп тұратын өзі аударатын автомобильдермен өткізілген жағдайда, көлік құралдарының бос болуын ескеретін коэффициент мөлшері жергілікті жағдайларды ескере отырып, жеке белгіленеді.

Темір жолдардың бөлек пункттерінде, көрші жол бойынша поездар қозғалысы жағдайында екінші басты жолдарға немесе қосымша жолдарға арналған шұңқырларды кеңейту жағдайында жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына және кенжарда және үйіндіде машиналарды пайдалануға арналған құнға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің коэффициенттерін қолдану қажет. Ал дара сметалық бағалар бойынша есептелген топырақты тасымалдау шығындарының құны 1.2-кестеде келтірілген коэффициенттермен ескерілуі тиіс (2-б.).

1.2-кесте

Позиция №	Өтпе жолдар саны 1 тәулікте	Топырақты автокөлікпен тасымалдау коэффициенттері	
		өтпелердегі темір жолдардың қиылысуымен	көрші жол бойынша поездар қозғалысы жағдайларында топырақ төсемін салу кезінде
		1	2
1	2	3	4
1	14-тен 36-ға дейін қоса алғанда	1,04	1,01
2	37-ден 72-ге дейін қоса алғанда	1,07	1,05
3	73-тен 112-ге дейін қоса алғанда	1,14	1,07
4	113-тен 140-қа дейін қоса алғанда	1,18	1,10
5	140-тан жоғары	1,21	1,14

1.2-кестеде (2-б.) және Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттер төсем жиегінің жобалық белгісінен 4,5 м-ден аспайтын қашықтықтағы қазылатын шұңқырдың, төменгі бөліктің көлеміне ғана қолданылады.

Жартасты топырақтағы шұңқырларды кеңейту кезінде коэффициенттер қазылатын топырақтың толық көлеміне қолданылады.

Көршілес жол бойынша поездар қозғалысы жағдайында темір жолдардың бөлек пункттерінде екінші басты жолдарға немесе қосымша жолдарға үйінділер құрылғысы кезінде 1.2-кестенің (2-б.) және Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің коэффициенттері төсемнің жобалық белгісінен 0,75 м-ге дейінгі және қолданыстағы жолдың осінен 12 м-ден аспайтын үйіндінің жоғарғы бөлігінің көлеміне қолданылады.

1.12 Топырақты механикаландырылған әзірлеу кезінде оның жетімсіздігін кесуді: іргетастарға арналған қазаншұңқырларда және басқа да шұңқырларда – жобада айқындалатын жұмыстарды жүргізу тәсілдеріне байланысты осы Бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындау керек.

Жоба бойынша ор тереңдігі қабылданған тереңдіктен (орташа тереңдіктен аз) өзгеше болған жағдайда тереңдікті өзгертуге түзетуді тек бір рет ескеру немесе осы Бөлімнің 6101-0103-(0109÷0144), 6101-0102-(0107÷0124) дара сметалық бағалары бойынша ор тереңдігі аз болған кезде топырақ әзірлеуді анықтау қажет.

1.13 6101-0109-(0101÷0104), 6101-0301-(2301, 2310) нормалар бір өту кезінде механизмдердің (агрегаттардың) жұмысын көздейді. Механизмдердің қосымша өтуі қажет болған жағдайда нормаларды өту санына пропорционал көбейту керек.

1.14 Бұрын қазылған немесе босатылған топырақты машиналармен әзірлеуді былайша анықтау керек: экскаваторлардың жұмысы кезінде – бір топқа төмен топыраққа арналған дара сметалық бағалар бойынша (2-топтың топырағы – 1-ден; 3 – 2-ден; 4 – 3-тен); бульдозерлердің, грейдерлердің және грейдер-элеваторлардың жұмысы кезінде-сол топырақ топтары бойынша.

1.15 5-топтан және одан жоғары топырақты қопсытуды тиісті Бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықтау керект.

1.16 Габаритті емес қосылыстары бар топырақты әзірлеу кезінде жобада оларды бұзу немесе алаңнан тыс жерлерге шығару жөніндегі іс-шаралар көзделуі тиіс. Габаритті емес деп олардың ең үлкен мөлшері төмендегілерден асатын үйінділер, тастар, жыртылған қатқан және жартасты топырақтың кесектері саналады:

шөміш енінің 2/3-кері күрекпен немесе тікелей қазу жабдығымен жабдықталған экскаваторлар үшін;

шөміш енінің 1/2-драглайнмен жабдықталған экскаваторлар үшін;

ең үлкен конструктивтік қазу тереңдігінің 2/3 - скреперлер үшін;

үйінді биіктігінің 1 / 2 - бульдозерлер мен грейдерлер үшін;

шанақ енінің 1/2 және паспорттық жүк көтергіштігінің жартысы - көлік құралдары үшін;

қабылдау тесігінің кіші жағының 3/4 - ұсақтағыш үшін:

30 см - көтеру крандарымен алып тастай отырып, қолмен әзірлеу кезінде

1.3-кесте-Топырақты гидромониторлармен әзірлеу кезінде топтар бойынша бөлу

Топырақ тобы	Әзірлеуге және тасымалдауға жұмсалатын су шығыны 1 м ³ топырақ, м ³	Топырақ атауы	Салмағы бойынша топырақ бөлшектерінің саны, олардың мөлшеріне байланысты %, мм						
			сазды 0,005-тен кем	шаңды 0,005-0,05	құмды			қиыршықтасты 2-40	малтасты 40-60
					ұсақ 0,05-0,25	орташа 0,25-0,5	ірі 0,5-2		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	4,5	Алдын-ала қопсытылған, жатып қалмаған топырақ	до 40	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	50-ге дейін		—
2	5,4	Ұсақ құм	3-ке дейін	15-ке дейін	50-ден астам	50-ден астам	50-ден астам	1-ге дейін	—
2	5,4	Шаңды құм	3-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	до 50	до 50	1-ге дейін	—
2	5,4	Құмдақтар (бөлшектер 0,005 мм-ден 6%-ға дейін)	3-6	регламенттелмейді	регламенттелмейді	до 50	до 50	1-ге дейін	—
2	5,4	Жоғары кеуекті сарғыш топырақ (кеуектілік коэффициенті 0,8-ден астам)	до 8	до 70	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	1-ге дейін	—

1.3- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
2	5,4	Қатты ыдыраған шымтезек		регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	–	–	–
3	6,3	Ірілігі орташа құмдар	3-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	50-ден астам	50-ге дейін	5-ке дейін	1-ге дейін
3	6,3	Құмдақтар (бөлшектер 0,005-тен аз 10%-ға дейін)	6-10	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	50-ге дейін	5-ке дейін	1-ге дейін
3	6,3	Саздақтар (бөлшектер 0,005-тен аз 15%-ға дейін)	15-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	50-ге дейін	5-ке дейін	1-ге дейін
3	6,3	Төмен кеуекті сарғыш топырақ (кеуектілік коэффициенті 0,8-ден кем)	15-ке дейін	70-ке дейін	70-ке дейін	регламенттелмейді			
4	8,1	Ірі құмдар	3-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	50-ден жоғары	5-15	1-ге дейін
4	8,1	Құмдақтар (бөлшектер 0,005 мм-ден 15%-ға дейін)	6-15	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	50-ден жоғары	5-15	1-ге дейін
4	8,1	Саздақтар (бөлшектер 0,005-тен аз 30%-ға дейін)	15-30	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	10-ға дейін	1-ге дейін
4	8,1	Саз балшық (бөлшектер 0,005-тен аз 40 %-ға дейін)	40-қа дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	10-ға дейін	1-ге дейін
5	10,8	Малтатасты құмдар	5-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	25-ке дейін	25-ке дейін
5	10,8	Саз балшық (бөлшектер 0,005 мм-ден 50%-ға дейін)	40-50	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	15-ке дейін	15-ке дейін
6	12,6	Малтатасты құмдар	до 5	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	40-қа дейін	40-қа дейін
	12,6	Саз балшық (бөлшектер 0,005 мм-ден 60%-ға дейін)	50-60	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	15-ке дейін	15-ке дейін

1.3- кестенің соңы

1
<p>Ескертпелер</p> <p>1 1-топ бойынша құрамында 1%-дан астам қиыршық тас және 6-топтың сазы бар топырақтардан басқа, осы кестеде көзделген алдын-ала қопсытылған топырақ бағаланады. Құрамында 1%-дан астам қиыршықтас пен малтатас және 6 топтың саз балшықтары бар, алдын-ала қопсытылған топырақ ең жақын, әзірлеу қиындығы бойынша төмен топқа жатады: мысалы, 5-топтың алдын-ала қопсытылған топырағы 4-топқа жатады.</p> <p>2 Карьерлерде және пайдалы қазбаларда топырақты әзірлеу кезінде топырақ тобы барлық карьердің орташа түйіршік өлшеу құрамы бойынша анықталады. Әр түрлі топтағы топырағы бар учаскелері бар карьерлер мен пайдалы шұңқырларда (арналар, қазаншұңқырлар және т.б.) топырақты әзірлеу әр учаске үшін жеке бағаланғаны жөн. Карьерлер мен пайдалы шұңқырларда орташа түйіршік өлшемдік құрамды анықтау кезінде қалыңдығы 0,2 м дейінгі сазды қабаттардың және кенжар биіктігінің 10% дейінгі қосынды қуатымен аршудың болуы ескерілмейді. Бұл қабаттардың және аршудың болуы құрылысқа немесе қатарларға топырақты шаю кезінде шығын мөлшерін анықтау кезінде ескерілуі тиіс.</p> <p>3 Жобада қабаттық (кертпештермен) әзірлеу көзделген жағдайларда топырақ тобы біртекті топырақтың әрбір қабаты үшін жеке ескеріледі. Бірнеше рет қайта өңдеу кезінде топырақ тобын азайту бір рет жүргізіледі.</p> <p>4 Бұрын жуылған резервтерде немесе құрылыстарда 2 және 3-топтағы топырақты әзірлеу кезінде топырақ тобын ең жақын төменгі топқа жатқызу керек.</p>

1.4-кесте-Топырақ сорғыш снарядтармен әзірлеу кезінде топырақты топтар бойынша бөлу

Топырақ тобы	1 м ³ топырақты әзірлеуге және тасымалдауға арналған су шығыны, м ³	Топырақ атауы	Салмағы бойынша топырақ бөлшектерінің саны, олардың мөлшеріне байланысты %, мм													
			сазды 0,005-тен кем	шанды 0,005-0,05	құмды			2-20	2-40	2-60	2-20	2-60	2-80	2-20	2-60	2-120
					ұсақ 0,05-0,25	орташа 0,25-0,5	ірі 0,5-2	топырақ сорғыш снарядтардың өнімділігі келесідей болғанда ірі құмды-малтатасты фракциялар (қойыртпақ бойынша), м ³ / сағ								
								1000-ға дейін			2000-ға дейін			2000-нан астам		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
1	6,5	Ұсақ құм	3-ке дейін	15-ке дейін	50-ден жоғары	50-ге дейін	15-ке дейін	3	2	1	4	2	1	5	3	1
1	6,5	Ірілігі орташа құмдар	3-ке дейін	15-ке дейін	50-ге дейін	50-ден жоғары	15-ке дейін	3	2	1	4	2	1	5	3	1
1	6,5	Шанды құм	3-ке дейін	20-ға дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	3	2	1	4	2	1	5	3	1

1.4- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
1	6,5	Кеуектілік коэффициенті 1,5-тен астам тұнбалар және кеуектілік коэффициенті 1,5-тен кем болатын сұйық күйдегі саз балшықты тұнбалар	3-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	3	2	1	4	2	1	5	3	1
2	8,5	Ірілігі орташа құмдар, ірі және малтастасты құмдар	3-ке дейін	15-ке дейін	50-ге дейін	50-ге дейін	15-тен астам	6	6	6	8	6	3	10	7	5
2	8,5	Шаңды құм	3-ке дейін	20-50	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	6	6	6	8	6	3	10	7	5
2	8,5	Құмдақтар (бөлшектер 0,005-тен аз 6%-ға дейін)	3-6	50-ге дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	6	6	6	8	6	3	10	7	5
3	11	Ірілігі орташа құмдар	3-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	12	10	8	12	11	10	15	12	10
3	11	Құмдақтар (бөлшектер 0,005-тен аз 6%-ға дейін)	6-10	50-ге дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді			5	10	8	6	12	10	8
4	14	Малтастасты құмдар	3-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	25	22	20	30	25	20	30	27	25
4	14	Саздақтар (бөлшектер 0,005-тен аз 15%-ға дейін)	10-15	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	12	8	6	14	10	8	15	12	10
5	18	Қиыршықтасты	5-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	35	30	25	35	30	25	40	35	30

1.4- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
5	18	Саздақтар (бөлшектер 0,005-тен аз 20%-ға дейін)	15-20	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	15	12	10	15	12	10	20	15	12
6	22	Қиыршықтасты	5-ке дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	45	40	35	45	40	35	50	45	40
6	22	Саздақтар (бөлшектер 0,005-тен аз 30%-ға дейін)	20-30	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	15	12	10	15	12	10	20	15	10
6	22	Саз балшық (бөлшектер 0,005-тен аз 40 %-ға дейін)	40-қа дейін	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	15	12	10	15	12	10	20	15	10
7	26	Малтатасты		регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	—	—	—	60	55	50	65	60	50
8	30	Малтатасты		регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	регламенттелмейді	—	—	—	90	85	80	95	90	80

Ескертпелер

1 Карьерді әзірлеу кезінде топырақ тобы барлық карьердің орташа түйіршік өлшемді құрамы бойынша анықталады, әртүрлі топтағы топырағы бар учаскелері бар пайдалы шұңқырларда (жыралар, қазаншұңқырлар және т.б.) топырақты әзірлеу әрбір учаске үшін жеке есептелгені жөн. Орташа түйіршік өлшемді құрамды (карьерлерде және пайдалы қазбаларда) анықтау кезінде сазды қабаттардың болуы есепке алынбайды.

2 Жобада қабаттық әзірлеу көзделген жағдайларда топырақ тобы біртекті топырақтың әрбір қабаты үшін жеке белгіленеді.

3 Бұрын жуылған резервтерде немесе құрылыстарда 2-3-топтағы топырақты әзірлеу кезінде топырақ тобын ең жақын төменгі топқа жатқызу керек.

4 Қалыңдығы 0,2÷0,6 м жалпы қуаты 10%-дан 20%-ға дейін байланыстырылған топырақ қабаттары бар 1, 2 және 3-топтағы құмды топырақ немесе аршу топырағы, егер жобада аршуды алдын-ала жинаусыз кенжардағы топырақты әзірлеу негізделсе, қабаттар мен кенжар биіктігінің 20%-ға дейін аршу қуаты 10%-дан асатын кенжарлар биіктігінің қуаты тиісінше 2, 3 және 4-топқа жатады. Топырақты неғұрлым жоғары топтарға жатқызу тек қабаттар немесе аршып алынған карьердің немесе шұңқырдың алаңына ғана қолданылады. Қабаттар мен аршудың болуы олардың қуатына қарамастан, құрылыстар мен қатарларды шаю кезінде топырақ шығынының мөлшерін анықтау кезінде ескерілуі тиіс.

5 1.4-кестеде көзделмеген топырақ топтарын геологиялық іздестіру материалдары немесе аналогтар бойынша жобалық деректер негізінде орнату керек.

6 Инженерлік-геодезиялық барлау материалдарымен белгіленген цементтейтін қоспалары бар 1÷6 топ топырағын әзірлеуді бір топқа жоғары жатқызу керек.

Жер жұмыстарының басқа түрлері, дайындық, ілеспе және нығайту жұмыстары

Топырақты қолмен әзірлеу

1.16 Топырақ қабаттап жатқан кезде қолмен орындалатын әзірлеуге арналған дара сметалық бағаларды әзірлеудің толық жобалық тереңдігін негізге ала отырып, әрбір топырақ тобы үшін қабылдау керек.

Мысалы, 1-топтың топырағы бетінен 1 м тереңдікке дейін, ал 3-топтың топырағы – 1,01-ден 3 м-ге дейін жатқан тереңдігі 3 м орды қолмен қазу қажет. Бұл жағдайда 1, сондай-ақ 3 топтағы топырақты әзірлеуді қазу тереңдігі 3 м-ге дейін көздейтін дара сметалық бағалар бойынша ескеру қажет.

1.17 Бұрын қопсытылған 2÷4-топ топырағының қолмен әзірленуін анықтау үшін бір топқа төмендегі дара сметалық бағаларды, ал 5÷7-топ топырағы үшін – 4-топ дара сметалық бағаларын қолдану керек.

1.18 Механикаландырылған тәсілмен қазылған қазаншұңқырлар мен орларды қолмен жіті өңдеуді айқындау кезінде Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.29-тармағын басшылыққа алған жөн.

1.19 Орлардың қабырғаларын бекіту құрылғысына арналған 6101-0207-(0101-0102, 0201÷0206) дара сметалық бағаларда тұрақсыз топырақтарға құмды, қиыршық тасты және басқа да байланыссыз топырақтар, ал тұрақты топырақтарға сазды, саздақ және басқа да байланысты топырақтар жатқызылуы керек.

1.20 VIII топтың жартасты топырағын қабаттық әзірлеумен жартасты топырақты кен балғаларымен әзірлеуге және механикаландырылған қопсытуға арналған 6101-0204-(0101÷0105) дара сметалық бағаларды, 6101-0105-0601-дара сметалық бағаны жарылыс жұмыстарын жүргізуге жол берілмеген жағдайларда қолданыу керек.

Тығыздалмаған топырақты қатарлардан көлік құралдарына қолмен тиеу кезінде 6101-0208-(0101÷0106), (0201÷0204) қопсытылған 4-топтың және одан жоғары топырақты тиеу көзделген. Топырақты кенжарда, бортты автомобильдерге тиеу және олардан түсіру кезіндегі жұмысшылардың еңбек шығындарының құнын Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімнің 3.55÷3.69-тармақтары бойынша анықтау керек.

Дайындық жұмыстары

1.21 Орманды құлату және жұлу, түбірлерді жұлу және алаңдар мен трассаларды орманнан, бұталардан және ұсақ ормандардан тазартуға арналған 6101-0301-(0101÷2310) дара сметалық бағаларды құрылыс-монтаждау ұйымдарының күшімен құрылыста осы жұмыстарды жүргізу кезінде ғана қолдану қажет.

1.22 6101-0301-(0101÷0314) дара сметалық бағаларда сүректің қаттылығы бойынша ағаштың мынадай топтары көзделген:

а) жұмсақ-көктерек, жөке, қарағай, балқарағай, шырша, майқарағай, қайың, қандағаш;

б) қатты-емен, бүк, қызыл қайың, үйеңкі, шаған;

в) балқарағай.

Ағашты құлату және бөлу дара сметалық бағалары бойынша балқарағай қатты тұқымдыларға жатқызылған.

1.60 Ұсақ бұталардың және бұталардың қалыңдығын сипаттайтын көрсеткіштер 1.5-кестеде келтірілген.

1.5-кесте

Қалыңдықтың сипаттамасы	1 га, дана	
	дің (бұта кескішпен кесу)	түбірлік тамыр арқылы жүлу кезінде бұталар
1	2	3
1 сирек	3000-ға дейін	900-ге дейін
2 орташа	3001÷10000	901÷1250
3 қалың	10000-нан астам	1251÷2200

1.23 Ағашты құлату кезінде алынатын сүрек көлемін анықтау үшін ағаш таксациялық деректерді басшылыққа алған жөн.

Ағаш таксациялық деректер болмаған жағдайда қалың және ірілігі әр түрлі орманның 1 гектарынан алынған сүрек көлемін 1.6-кесте бойынша қабылдау.

1.6-кесте

Позиция №	Орман сипаттамасы			1 га ағаштың шамамен шығуы, тығыз м³				
	ірілігі бойынша	диаметрі, см		қалыңдығы бойынша	1 га ағаштар саны бойынша	барлығы	оның ішінде	
		дің*	түп				іскерлік	отындық
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Ірі	32-ден астам	34-тен астам	қалың	300	190	160	30
				қалыңдығы орташа	190	140	120	20
				сирек	70	90	80	10
2	Ірілігі орташа	32-ге дейін	34-ке дейін	қалың	530	180	155	25
				қалыңдығы орташа	350	130	110	20
				сирек	170	80	70	10
3	Ұсақ	24-ке дейін	26-ға дейін	қалың	960	170	145	25
				қалыңдығы орташа	600	120	100	20
				сирек	420	70	60	10
4	Өте ұсақ	16-ға дейін	18-ге дейін	қалың	1550	150	130	20
				қалыңдығы орташа	1000	100	85	15
				сирек	570	50	43	7
5	Жұқа өлшемді (аласа ағаштар)	11-ге дейін	12-ге дейін	қалың	4090	60	52	8
				қалыңдығы орташа	8260	45	38	7
				сирек	2400	30	26	4
* Ағаш діндерінің диаметрі жер бетінен 1,3 м биіктікте өлшенеді.								

1.24 Ағаш құлатудан және кесу алаңдарының құрылғысынан алынған сүректі кесу қажеттілігі жобада белгіленеді. Кесу алаңдарын тазартылған орман соқпағында орналастыру мүмкін болмаған жағдайда кесу алаңдарына бөлінген жерлерді ағаштан және бұтадан тазартуды орман тазалау бойынша жұмыстардың көлеміне қосу керек.

Суды төмендету

1.25 Дара сметалық бағаларда ине сүзгілерін және ұзындығы 4-тен 30 м дейінгі эжекторлы су көтергіштерді жинау, батыру, орнату, алу және бөлшектеу, су тартқышты төсеу және инелер мен шегендеу құбырларын гидрокосу кезінде су беру үшін сорғыны пайдалану, сондай-ақ сору коллекторын монтаждау және бөлшектеу бойынша жұмыстардың барлық кешенін көздейді.

1.26 Дара сметалық бағаларда 1.7-кестеге сәйкес 2 және 3-топтағы топыраққа жеңіл инелі сүзгілері мен шегендеу құбырларын гидравликалық батыру көзделеді.

3-топтың топырағындағы жеңіл инелі сүзгілері мен шегендеу құбырларын гидроокшаулау кезінде осы Бөлімде гидравликалық батыру үшін көзделген сорғылардың жұмыс уақытына тең жұмыс уақытын қабылдай отырып, жылжымалы компрессорларды пайдалануды қосымша ескеру қажет.

1.27 Ұзындығы 4 м дейінгі ұңғымаларға гидроокшаулау және жеңіл инелі сүзгілерді орнату қолмен орындалады.

Ұзындығы 4 және 7 м шегендеу құбырларын, ұзындығы 7 м-ге дейінгі инелі сүзгілерді гидроокшаулау және дайын ұңғымаға ұзындығы 7 м-ге дейінгі инелі сүзгілерді орнату УГБ-50 м бұрғылау станогының көмегімен көзделеді. Осы станокта ұзындығы 4 және 7 м болатын ине сүзгілерін шығару көзделген.

1.28 Эжекторларды орнату және шығару автомобиль кранының көмегімен дара сметалық бағаларда қабылданды.

1.29 Ине сүзгілерін орнату үшін шегендеуі құбырларымен бекіте отырып немесе бекітпей ұңғымаларды бұрғылауды тиісті Бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қосымша ескеру қажет.

1.7-кесте-Топырақты жіктеу және инелі сүзгілерді батыру тәсілдері

Топырақ тобы	Топырақ атауы	Ине сүзгілерін батыру тәсілі
1	2	3
2	Ірі түйіршікті құм	Құм-қиыршық тас төгу құрылғысының ине сүзгілерін гидравликалық батыру
3	Малтатасты құмдар	Құм-қиыршық тас себу құрылғысының сығылған ауаны қолдана отырып ине сүзгілерін гидравликалық батыру
4	Жұқа түйіршікті құмдар және құмдақ	Шегендеу құбырларын гидравликалық батыру, құбырларда құм-қиыршық тас себу құрылғысымен ине сүзгілерін орнату
5	Саз балшықты	Құм-қиыршық тас себу құрылғысымен алдын-ала бұрғыланған ұңғымаға ине сүзгісін батыру

1.30 Жеңіл ине сүзгілерінің олардың батырылу, пайдалану және алу процесінде шығысын мына формула бойынша анықтау керек:

$$P = \frac{(1,2 \times K \times H \times B)}{12}$$

мұнда 1,2-ине сүзгілерін батыру, шығару және тасымалдау уақытын ескеретін коэффициент;

K -жобада көзделген ине сүзгілерінің саны;

$H=0,7$ тең қабылданатын ине сүзгілерінің тозуының жылдық нормасы;

B – жобада көзделген бір жердегі ине сүзгілерінің жұмыс ұзақтығы (айларда).

1.31 Ине сүзгілері сорғыларын және эжекторлық қондырғыларды пайдалану, эжекторларды пайдалану санына, түріне және жұмыс уақытына байланысты жобалық деректер бойынша айқындаған жөн.

1.32 Берма және су төмендету қондырғыларын орналастыруға арналған алаңдардың құрылғысы бойынша жер жұмыстарын осы Бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.33 Эжекторлық қондырғылардың қысым және су жинау коллекторларын, жеңіл және эжекторлық қондырғылардың ағызу құбырларын төсеуді «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 1-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қабылдау қажет.

1.34 Суды төмендететін ұңғымалардың құрылғысы олардың жобалық конструкциясы мен санына қарай тиісті бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындалады.

1.35 Су деңгейін төмендету кезінде тереңдіктегі сорғыларды пайдалану уақыты сорғылардың саны, түрі және жұмысының ұзақтығы туралы жобалық деректерді негізге ала отырып анықталуы тиіс. Сорғылардың машина-сағатының құнын Құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған сметалық бағалар жинағы бойынша қабылдау керек.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Жер жұмыстарының көлемін жобалық деректер бойынша дара сметалық бағаларда көзделген оларды орындау тәсілдеріне және 1.1-кестеге сәйкес әзірлеу қиындығы бойынша топырақты жіктеуге байланысты бөле отырып анықтау керек.

Жартас емес топырақтағы бекітпелері жоқ еңістері бар қазаншұңқырлар мен орлардың көлемін жер асты суларының деңгейінен жоғары (капиллярлы көтеруді ескере отырып) немесе жасанды су деңгейін төмендету арқылы кептірілген топырақта алу тереңдігі мен еңістердің құламалығы кезінде 1.8-кесте бойынша айқындаған жөн.

Қазаншұңқырлар мен орларда топырақты әзірлеу жөніндегі жұмыстардың көлемін және қажет болған жағдайда қазаншұңқырлардан немесе орлардан тыс шығаруға жататын топырақ көлемін айқындау кезінде жобада қабылданатын ойықтардың мөлшері конструкцияларды орналастыруды және қадаларды қағу, іргетастарды монтаждау, оқшаулау құрылғысы, су деңгейін төмендету және су ағызу жөніндегі жұмыстарды және қазу кезінде орындалатын басқа да жұмыстарды, сондай-ақ адамдардың қуыс ішінде орын ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Табандағы түбі бойынша ойықтардың мөлшері жобамен белгіленгеннен кем болмауы тиіс.

1.8-кесте-Қазу тереңдігі және еңіс құламасы (оның биіктігінің жатысқа қатынасы)

Топырақ түрлері	Қазу тереңдігі келесіде болған кезде еңістің құламасы (оның биіктігінің жатысқа қатынасы), м, артық емес		
	1,5	3	5
1	2	3	4
Тығыздалмаған үйінділік	1:0,67	1:1	1:1,25
Құмды және кийршықтасты	1:0,5	1:1	1:1
Құмдақ	1:0,25	1:0,67	1:0,85
Саздақ	1:0	1:0,5	1:0,75
Саз балшық	1:0	1:0,25	1:0,5
Сарғып топырақ және сарғып топырақ тәрізді	1:0	1:0,5	1:0,5

1.8- кестенің соңы

1
<p>Ескертпелер</p> <p>1 Топырақтың әралуан түрлерін қабаттаған кезде барлық қабаттар үшін еңістердің құламасы топырақтың неғұрлым әлсіз түрі бойынша тағайындалуы тиіс.</p> <p>2 2.1-тармақта көзделмеген гидрогеологиялық жағдайлар мен топырақ түрлері кезінде барлық жағдайларда тереңдігі 5 м-ден астам шұңқырлар еңісінің құламасы жобамен белгіленуі тиіс.</p> <p>3 Қазаншұңқырлар мен орлар қабырғаларының мүкәммал бекітпелерін қолдану мүмкін болмаған жағдайда белгіленген тәртіппен бекітілген жеке жобалар бойынша дайындалған бекітпелерді қолдану керек.</p>

2.2 Қазаншұңқырлардан шығу және оларға кіру, үйінділерге шығу жолдарының құрылысы, сондай-ақ батпақтарға төгу кезінде автомашиналардың бұрылуы үшін үймелерді кеңейту бойынша жұмыстардың көлемін қосымша анықтау қажет.

2.3 Ылғалды топырақты әзірлеу көлемін анықтау кезінде ылғалды топыраққа жер асты суларының деңгейінен төмен жатқан топырақ және осы деңгейден жоғары орналасқан топырақ жатады деп есептеу керек, яғни: үлкен, орташа және ұсақ құмдар үшін – 0,3 м, шанды құмдар және құмдақтар үшін – 0,5 м және саздақтар, саздар мен сары топырақтар үшін – 1 м.

2.4 Қабырға, жабдық, бағаналар астындағы іргетастарға арналған қазаншұңқырлардың немесе орлардың тереңдігін, сондай-ақ жертөле үй-жайлары мен техникалық жертөлелері бар ғимараттар мен имараттар астындағы қазаншұңқырлардың тереңдігін жобалау деректері бойынша қара белгіден құбырдың салыну белгісіне дейін (құбыржолға негіз табаны) іргетастың салыну табанына дейін (іргетас астындағы төсеніштер) еден астына төселетін қабаттың табанына дейін қабылдау қажет.

Тік жоспарлау бойынша жұмыстарды орындағаннан кейін құрылысын бастау көзделген объектілер үшін шұңқырлардың тереңдігін қызыл белгілерден есептеу қажет.

2.5 Тереңделген қабырғалардың, бағаналар мен жабдықтардың іргетастарының астындағы қазаншұңқыр түбінің шегіндегі орлар мен қазаншұңқырлардың тереңдігі, салыну белгілері ғимарат немесе құрылыс іргетастарының негізгі бөлігінің салыну белгісінен төмен болады, жердің қара белгісі бетінен емес, қазаншұңқыр түбінің белгісінен анықталуы тиіс.

Орлар мен қазаншұңқырлардың тереңдігі бір қазаншұңқырлардың әртүрлі бөліктерінде Іргетастардың негізгі бөлігін салу табанының әртүрлі жобалық белгілері болған кезде Іргетастардың негізгі бөлігінің табаны кемерінің белгілері бойынша анықталады.

2.6 2.4 және 2.5-т. нұсқауларына сәйкес есептелген қазаншұңқырлар мен орлардың тереңдігі, егер кесу көлемі жеке есептелген болса, өсімдік топырағының кесу қабатының қалыңдығына азайтылуы тиіс.

2.7 Іргетастарға арналған қазаншұңқырлар мен орлардың түбі бойынша ені, құбырларды монтаждауға арналған шұңқырлардың өлшемдері, сондай-ақ бекітпесіз әзірленетін қазаншұңқырлар мен орлардың еңістерінің құламалығы бойынша ҚНЖЕ нұсқауларына сәйкес қабылданғаны жөн.

2.8 Орнында әкетілуге немесе жоспарлауға жататын артық топырақтың көлемін іргетастармен, жертөлелермен, техникалық жертөле қабаттарымен, құдықтармен, камералармен, құбырлармен, құбыржолдарға негіздермен, шұңқырлардың, орлардың, қуыстардың және басқа да тереңдетілген құрылыстардың арнайы құмды төгінділерімен ығыстырылған топырақ мөлшері бойынша қабылдаған жөн.

2.9 Топырақты өткізу ұзақтығын былайша қабылдау керек:

- бульдозерлердің жұмысы кезінде-ойық пен үйіндінің (үйме) ауырлық орталығы арасындағы қашықтық.

